

4377

ISSN 1727-0537

НАУЧНО-ПОПУЛЯРНЫЙ ЖУРНАЛ

ПАВЛОДАРСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ им.С.ТОРАЙГЫРОВА



2'2004

ӨЛКЕТАНУ КРАЕВЕДЕНИЕ



“ЕҢБЕКШІ ҚАЗАҚ” ГАЗЕТІ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОР

Н.Қ. ЖҮСІПОВ

С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

В статье говорится о значении газеты “Енбекши казак” в издании фольклора.

Мақалада “Еңбекші қазақ” газетінің фольклорды жариялаудағы орны сөз болады.

The article is told about the degree of magazine “Enbekshy kazak” in publishing the folklore.

Қазан төңкерісінен кейін Орынбор, Қызылорда, Алматы қалаларында 1921 мен 1932 жылдар аралығында аптасына үш рет “Еңбекші қазақ” газеті шығып тұрғаны белгілі. Газет беттерінде Кеңес үкіметі тұсындағы қазақ елінің саяси, экономикалық, әлеуметтік т.с.с. мәселелері көтеріледі. Сондай-ақ 1920-шы-1930-шы жылдардағы мақалаларда қазақ фольклорын тездетіп жинау керектігі төңірегінде де сөз қозғалады.

Мәселен, газет бетінде “Қазақ әдебиетіндегі орынды һәм орынсыз сындар туралы” атты мақала [1] соңында Ғабділхалім Ерғалиұлы, Баймұрза Ерішұлы, Белмұхаммедалин, Қ.Жәлдемалиев, Жолдыбай, Ахметов, Мәжит Дәулетбайұлы, Ж.Жәйлібеков

тәрізді азаматтар есімдерімен бірге “Мәскеудегі Күншығыс Ортақшылдар университеті студенттерінен” деген сілтемесі де бар. Мақалада қазақ әдебиетінің жарық дүниеге орын алғаны жуырда ғана дей отырып, адамзат тұрмысы қалай өзгерсе, өзгеріс жасалса, әдебиет те өзгермек, өзгеріс жасамақ деген пікірлері келтіріледі.

Сондай-ақ: “Қазақта әдебиет шыққаннан бастап қазақтың тұрмысы, қазақтың ғұрпы өзгеріліп келе жатыр. Осы күнгі революция болғаннан бері қарай адымдаған қазақ әдебиеттің жемісті жерлерін алып, ескі шыға бастаған кезіндегі әдебиетпен салыстырып қарасақ, арасында көп айырымша бар. Ескі кезде қазақ қандай ескі, надан болса, әдебиет те сондай ескі тұрмысқа өлшеніп жазылған, шығарылған сурет (картина) сықылды. Ол кездегі қазақтың тұрмысы қандай болса, тілегі, ұстаған мақсаты не түрде болса, әдебиет те сол мақсатқа жауап есебінде, жетекші есебінде шығарылған”, – деген сол кез ерекшелігін

танытатын пікірлер де өз кезегіндегі қазақ фольклортану ғылымына әсер етпей қоймайтыны да белгілі [2].

Және де сыяды келеке, әзіл орнына ұстамай, алдымен “революция” жолымен жалшы, кедей сынға салып, содан кейін ғана жазушылар сынға салулары тиіс т.б. дегенді де жазады.

Келесі бір ойласу ретінде жазылған “Әдебиет туралы” мақалада (соңынан Жақан деген есімі жазылған) өз алдына жеке көңіл бөлмей келген балалар әдебиеті мәселесі көтеріледі [3]. Мақалада сол кездегі өмірге келген “социалдық” құрылыстың елдің саяси өміріне де, шаруашылығына да, әлеуметтік тұрмысына да т.с.с. жаңа мазмұн мен форма әкелгені сөз болады. Әсіресе жас буын балалар социалдық құрылысымыздың кірпішін қалаушылар, болашағы дей отырып, балалар әдебиетіне де үлкен көңіл бөлу керектігі айтылады. Бұрынғы заманда балалардың рухын Құдайға нандыру, аруакқа табындыру, құлдық қылу, ұлықты сыйлау, байды құрметтеу сықылды т.с.с. тәрбие көздерінің күні көкке ұшты, шаңырағы ортаға түсті дей отырып, ендігі дәуір басқа, балаларды тапшылдық, интернационалдық, социалдық құрылысымызға қарай т.б. тәрбиелеу керектігін паш етеді.

Сол арқылы балаларды болашақ құрылысқа даярлық, тәрбие

аларлық, жетекші боларлық әдебиет жасау керек деген мәселені көтереді. Сонымен қатар Жүсіпбек Аймауытовтың “Жаман тымақ” атты еңбегінде “орыстан езіліп едік, өз алдына ел болсақ” дегендей ұлтшылдық сарын бар деген т.б. автордың сынаржақ пікірлері де баршылық: “Ендігі жерде балалар әдебиеті туралы менің ұсынысым мынадай:

1. Балалар әдебиеті жас балаларды социальдық құрылысымызға бейімдерлік болсын. Интернационалдық тәрбие берерлік темаларға негізделіп жазылсын.

2. Ауылдың өзгерісі, төңкеріс шаралары, коллектив, артель, завод-фабрик, өндіріс орындары, жұмысшы тұрмысы, кулак, байлардың қылықтары, кедей, батырактардың байға қарсы шабуылы сықылды темалар қысқа-қысқа жеңіл түрде балаларға танысарлықтай етіп жазылатын болсын. Әсіресе, тап тартысын елестетерліктей, балаларға ұғындырарлықтай етіп жазылсын.

3. Көбінесе, діншілдік, ескілік, қиял, ертегі, албасты, жың, шайтан, құбыжық, қыдыр, бата сықылдылардың өтірік екендігін дәлелдеген кішкене суретті кітапшалар шығатын болсын.

4. Балаларға ескі ертегі, ескі әңгімелерді жазғанда, олар бас қатырарлық, балаларды тұманда қалдырарлық, ескілікке бағынарлық, болмашыға сендірерлік (образ мифичес-

кий) түрде жазылмасын. Әңгіме болғанда жақсылары жазылатын болсын. Ертеке, ескі әңгімелерді жазғанда, аса сақтықпен жазылсын. Балаларды бір түрлі сезімге жетектерлік болмасын.

5. Қысқаша жұмбақтар, ойлап тапқыштар, бесік күйлері, тақпақтар, балалардың көңілін ашарлық қызықты әдебиеттер де молайсын.

6. Әсіресе шаруашылық, еңбек сүю, жігерлі болу сықылды тәрбиеге икемдерлік кітапшалар көбеюі керек.

7. Комсомол, пионер тұрмыстары, төңкеріс мейрамдары, партия бағытына бейімдерлік темаларға да жазылуы керек.

8. Қазақстан баспасы бұл іске көңілін бөліп, оқу, ағарту орындары, педагог, жазушы, суретшілер (художник) мен пікірлесе отырып, балалар әдебиетін көркейтуге күш жұмсасын.

9. Осы күнге шығып жүрген балалар әдебиеті тым қымбат Әрине суретті, әшекейлі болғандықтан қымбат түсетін шығар. Әйтсе де мүмкіндігінше арзан бағалы болуына көз салынсын”, – делінген [4].

Міне, мұндай кезең ерекшелігін дәйектеген мақалалардан сол кездің өзінде де қазақ фольклорын балалар әдебиеті үшін қажетті дерек көзі ретінде пайдаланумен қатар, Кеңес үкіметі тұсындағы тап тартысы, әдебиеттің партиялығы т.б. тәрізді теріс идеологияларды таңу үшін, елдің ой-санасын игеруге бағыттал-

ған саяси күресте де арнайы сұрыптау, жіктеуден өткен фольклорды үгіт-насихат құралы ретінде пайдалануға тырысқандықты көреміз.

Қазан төңкерісінен кейінгі жылдарда фольклор үлгілерін жинау қажеттігі мәселесін ойласу ретінде көтерген еңбек – Тілейбергенұлы Жиенғалидың “Әдебиет мұраларын жинау туралы” атты мақаласы [5].

Демек 1930-шы жылдардың өзінде де фольклорды жинау мәселесі жазушылар тарапынан жан-жақты көтерілген: фольклорды іздестіру, қағазға түсіру; бір күндік еместігін, таудай талабы болса да жұмыстың ауырлығын; жинайтын уақыттың келгендігін; оны мәдени өсуіміз талап етіп отыр деп санау; кітап жазу үшін нұсқаларды жинау қажеттігін; мектептерде қазақ әдебиеті сабағын жүргізу үшін де фольклорлық мәтіндердің жетімсіздігі, аздығын т.б. сөз ету – бәрі де мәнді ұсынысар екені анық. Сондай-ақ қазақ фольклорын басқа да түркі тектес елдердегіге қарағанда ең бай, ең мол, ең таза, ең асыл деп те бағалау да орын алды. Қазақ фольклорына басқа халық өкілдерінің В.Радлов, В.Бартольд, Ә Диваев т.б. тәрізді ғалымдары қызыққаннан жинаумен айналысқандығы жөнінде ақпарат берумен қатар, бірлі-жарым қазақ ғалымдары жинағандары кітап болып шыққандығы айтылады. Бірақ фольклорды жинауда, жариялауда бұл

істің мардымсыз екендігін сараптай отырып, фольклорды жан-жақты, түгелдеп жинау керектігін алға қозады.

Сонымен қатар халық ауыз әдебиетін жинауға кететін еңбек, “расход” т.б. шығындары өз орнына тұратынын, тіпті мұндай іске қажетті қаражатты әдебиеттің тарихи қымбаттылығын бағалай алатындардың қай-қайсысы да бере алатынын да сөз еткен: “Өзімізден басқа көрші жұрттардың оқымыстылары сондай еңбек (фольклорды жинап – Н.Ж.) сіңіріп жүргенде біз әлі күнге дейін айтып, қайтып қана жүрміз. Қазақстан болып бұл жұмысқа әлі күнге дейін күрделі кірісіп көргеніміз жоқ. Шындап кіріссек, бұдан күрделі жеміс шығатынын сөзсіз растауға болады. Бірлі-жарым кісінің жинаған кейбір әдебиеттері, мәселен, “Өтірік өлең” сияқтылар өз алдына едәуір бір кітап болып отыр. Егер де осы өтірік өленді түгел жинасақ, қанша болар еді?! Сөз жоқ, әлденеше кітап болар еді. Әдебиеттің әр тарауы да осындай болмақ.

Ауыз әдебиетті, әдебиет мұраларын жинауды, бір жағынан мәдени өсуіміз керексінсе, екінші жағынан ел ішіндегі ауыз әдебиетті көп білетін қариялар жылдан-жылға азайып, өздерімен бірге жерге көміле бермек. Сондықтан бұл жұмысты тоғыз қолға алып кірісу керек”, – делінген [6]. Сөйтіп фольклорды жинау ісін созбай, тездетіп кірісу қажеттігінің екі себебін де көрсеткен.

Сондай-ақ бұл жұмыстың сәтті іске асырылу үшін, 5 бөлімнен тұратын өз жоспарын да белгілейді: “Оның үшін менің ұсынатыным мынау:

1. Бұл жұмысқа Сәбит сияқтылардың ашық хатымен ғана кірісіп, ондай бірлі-жарым адамға ғана тапсырып қоймау керек;

2. Оқу комиссариатының, болмаса Қазақстан мемлекет университетінің, яки пролетариат-қара шаруа жазушылар ұйымының жанынан дербес комиссия құрылуы керек;

3. Бұл комиссия бүгіннен бастап әдебиет деректерін жинауға кірісіп, Қазақстан үкіметінің 10 жылдық тойына дейін жұмысын бітіріп, әдебиет жинақтарын тап-тапқа бөлін (мәселен, батырлар, ертегілер, билер сөзі, қулықтар, ... етіп) бастыру керек;

4. Әдебиеттің тарихи еректерін, мәселен: қиссалар, сарындама, ақындар кітаптарын, ұлтшыл ақындар кітаптарын тағы-тағыларды жинап беріп, жазатын, жазам дегенін орындайтын бір-екі кісіге қазақ әдебиетінің тарихын жазуға тапсыру керек (жалғыз тарихын емес, мәдениет танытқыш кітабын қайта жазуға тапсыру керек);

5. Іске комиссия былайша кірісу керек. Әрбір округке арнап бір кісіні жіберу керек. Оған жеткілікті қаржы беру керек. Қолына жұмыс жоспарын беру керек. Ол округке барған кісі округтегі әдебиет құмар-

ларынан, мұғалімдерден, студенттерден отряд құрсын. Сол жерде өзара жұмыс жоспарын жасап алып, әр ауданға тағы бөлінсін, бөлініп кетсін. Ауданға барғанмен әкімшілікке жолын қуалап кетпесін. Олай дейтініміз әр ауданда белгілі-білгілі ақындар, жыраулар, әңгімеші... болады. Ескі, жаңа әдебиеттерді ата малындай қадірлеп, сақтап, бірін қалдырмай жиып жүрген көзді, қарақты кісілер болады, тура соларға барады. Айттырып, жазып алады, ақы беріп көшіртіп алады, сатып алады. Қайта тапсыру шартымен уақытша алады. Ауданға барған жерде өзі хиссап беретін құмар кісілер болады. Соларды жәрдемге алады. Әр округтің өзінің Марабайы болады, Орынбайы, Шөжесі, шешені, жыршысы, ақыны, қуы болады. Осылардың бәрінен де көп (қария) табылады. Сондықтан (бәлен) қиын деп атамай, жалпы жинау керек. Осылайша көп болып кірісіп жатса, мен өзім бір том ертегі, бір том билер сөзі, бір том көргенсіз (боғауыз) әдебиет тауып беріп, бірнеше ақын, қария, жыршы, ескі-жаңа әдебиет кітап, журналдарды, қиссалары толық табылатын кісілерді сілтер едім.

Шамалап айтқанда әр ауданға барған кісі бір айда жұмысын бітіріп қайтса, округке барған кісі екі айда қайтса, үш айда барлығы Кіндік комиссияға қайтып оралса – яғни бір

жерге үш айда жиналып болады екен. Сонсын бір айдай тап-тапқа бөліп, өңдеп жазса, төрт айда баспаға берілуге болады екен. Екі айда баспадан шықса, сонда тармағы 5-6 айда баспадан шығып, 10 жылдық тойға үлгереді екен. Бұл менің айтқаным қиял емес, өлкелік орындар шұғыл кіріссе, осылай үлгерілуі мүмкін-(ақ). Әрине әдебиет тарихы сияқтылар біте де қоймас.

Осылай қызу кіріссек, істей алатын бұл жұмысы қолға алатын кезге жеттік”, – делінген [7].

Демек 1930-шы жылдардағы қазақ фольклортану ғылымында: фольклорды қалай жинау керектігі, оның басты бағыт-мақсаттары да, не үшін жинау қажеттігі де т.б. – сөз бола бастады..

Сөзден іске кешу керектігі айтылуымен қатар, халық ауыз әдебиетін тек әдебиет деп санау, яғни фольклордың өзіндік ерекшелігін ескермей, жанрды “тап” деп қарастыру – бәрі фольклорды тек әдебиеттану тұрғысынан бағаланғанын, мақала авторының арнайы фольклортанушылық білімінің болмағандығын дәлелдейді.

Мұндай еңбектердің кезең ерекшелігін сипаттаумен қатар, фольклордың ел арасынан тездетіп жиналып, баспадан жинақ түрінде шығуына септігін тигізгені сөзсіз. Сонымен қатар фольклордың ауыз-ба-ауыз, әрі кітап түрін де жиналу

керектігі де аталып кетеді. Сондай-ақ фольклорды жинаудың экспедициялық тәсілінің өзіндік артықшылығы да (неғұрым мол, жан-жақты, әрі тез т.б.) сөз болады. Тек жинау әдіс-тәсілдерінің талаптары т.б. ескерілмей қалған. Яғни мәтін паспорттын толтыру үшін қажет: қашан, қай жерде, қай уақытта, кімнен, үлгінің қай тәсілмен қағазға түскендігі т.с.с. хақындағы дерек көздері сөз болмағанын да ескерген жөн.

Сонымен бірге фольклорлық мәтінді баспадан шығаруды, қандай ғылыми талаптар негізінде іске асыру қажеттігі сарапталынбаған. Яғни мәтіндер мен текстологиялық жұмыс жүргізу; қалай сұрыптау, жүйелеу, іріктеу т.с.с. жұмыстарын жүргізу керектігі; әр мәтінге берілетін түсініктемелер, анықтамалар, сілтемелер т.б. мәселелері де сөз болмайды. Демек мақала, негізінен фольклорды жинауда үгіт-насихат құралы қызметін атқару үшін ғана жазылғанға ұқсайды.

1930-шы жылдың 26 январь күні “Еңбекші қазақ” газетінде Ғ.Мүсіреповтың “Әдебиеттегі жікшілдікке қарсы” атты мақаласы басылды [8]. Мақалада өлкелік партия комитетінің 5-пленумы болғаны да, онда саяси-шаруашылық мәселелерді шешумен бірге әдебиет мәселесіне де партияның назар аударғаны; Қазақстанда пролетариат бар ма; жолбикелерге қалай қарау

керек; айтыс, сын мәселелері т.с.с. келтірілген.

Сондай-ақ пролетариат-қара шаруа жазушыларының айтыс-сынында ұшырасып келген жікшілдік көзқарастарын тез тастау керектігі де, Алашордашылар, байшындармен күресу қажеттігі де сөз болады.

Ал, белгілі ақын, ғалым Әбділда Тәжібаевтың “Ел әдебиетін жинауға кіріселік” деген мақаласы [9], негізінен қазақтың халық ауыз әдебиетін жинау мәселесіне арналады: “Әбубәкір Диваев, Халел Досмұхамбетұлы, тағы басқалардың жинаған өлең, әңгіме, жоқтау, ертегі, боқауыз өлеңдер жинақтары да бар. Аз да болса Жансүгірұлы Ілияс өтірік өлеңдердің біразының басын құрады.

Сәкен, Сәбиттер де хат жазып, хабар беріп, іске кіріскендіктерін көрсетіп жатыр. Енді мұның бәрі сүйсінерлік іс. Бірақ сырттан сүйсініп, тек қол құсырып отыруға болмайды. Қолмен санарлық 4-5 адамға сеніп отыра берсек, етек-жеңімізді жинай алмай қаламыз”, - делінген [10].

Одан әрі жеркепе, құрым үйлердің орнына жаңа қалалар, мектеп, больницалар т.б. салынбақ, ауыл тегісінен жаппай коллектив, жаңа тұрмысқа көшеді дей отырып т.б. — бәрі халық әдебиетін жасап, тудырып келген ортасының құруына әкелетінін, яғни фольклордың табиғи өмір сүру ортасының бұзылуына әкелетінін дйттеу де орын алған.

Сондай-ақ мақалада: халық әдебиетін жинаушылар фольклорды қалай жинады, қандай жолдармен жинағаны; қазақ әдебиеті кімнен бас-талатыны; халық әдебиетінің басын құрау; жинау мәселесі; өткен ақын-жазушылардың мейлі діншіл, мейлі ұлтшыл болсын, бәрібір еңбектерін құрастырып, өмір тарихтарын тексеру керектігі т.с.с. мәселелер қамтылған.

Сонымен қатар бұл еңбекке Қазақ университеті жанынан осы көтерілген мәселелермен шұғылданытын, қазақ әдебиет мұрасын жинаумен айналысатын, қазақ білім қызметшілері бастарын құраған топтың жұмыс істейтінін, оған профессор Батиптің жетекшілік жасайтынын т.б. мәлімдеу қоса енген. Топтың алдында қазақ әдебиетін жинау, тексеру ісімен шұғылданып жүрген азаматтарды көбірек тартып, Қазан төңкерісіне дейінгі, әрі Қазан төңкерісінен кейінгі әдебиетін тегіс жинап тексеру керектігі тәрізді т.с.с. міндеттері қойылғаны айтылады.

Демек, қазақ фольклорын тездетіп жинау жұмысына қазақ оқымыстыларын басын біріктіреуде де, әрі фольклорды насихаттайтын, дәріптейтін үлгі-насихат құралы қызметін атқаруда да бұл мақаланың маңызы ерекше.

Осы кезеңдегі І.Жансүгіровтың “Жікке жол жоқ” мақаласы әдебиеттегі жікшілдік мәселесіне

арналған [11]. Онда Қожановшылдық, ұлтшылдық, оңшылдық, байшыл әдебиет, Сәкеншілдік, Байдилдиншілдік, Садуақасовшылдық, әпербақандық, құр айқайшылдық, Алашордашылық, Сәбитшілдік т.с.с. кеңес ерекшелігін танытатын жікшілдік мәселелері сынға ұшырып: “Әдебиет өсіп келеді. Талай-талайын жас жазушы шығып келеді. Сонын бәріне басшылық керек, тәлім-тәрбие керек. Өлі құрылыстың төңірегіне еңбекшілер бұқарасынын пікірін ұйыстыру керек. Партия Кеңестің ұлы міндетті орындауына жазушы, суретші, сыншыл сыбана кірісу керек. Ендеше жазушыларға ұйым керек. Ұйымға күш керек. Ұйым күшті ұйыстыра білу керек. Тазалану, большевиктену керек. Дәуірдің тілегіне тап болуы керек. Ұйымның ішіне кіріп, жолын былғауға, жұмысын бүлдіруге, жікшілдік істеуге ешкімге жол жоқ”, – деген түйін келтірілген [12].

Е.Қалымбетұлының “Таласты қайып, іске кіреселік” атты мақаласы қазақ көркем әдебиетінің кезекті міндеттеріне арналған [13]. Онда: социалшылдық санамен тәрбиелеу; социализм құруға үндеу; болып жатқан жұмыстарды тап жолымен түсіндіру; бектік дәуірдегі қатынастарды жоюға; пролетариат әдебиетіне көпшіліктің назарын аудару; көркем әдебиеттегі байшылдыққа, Алашордашылыққа соққы

беру; көркем әдебиеттегі тап міндеттері т.с.с. тәрізді мәселелер қозғалады.

Ал, Ж.Садуақасұлының “Көркем әдебиет мәселелері” атты мақаласында партия ықпалы толық жүргізілмегендіктен, көркем әдебиет салт-сана майданында қиыншылықтары көп, күрделі мәселелерге ұшырағандығы сөз болады [14]. Сондай-ақ көркем әдебиетті пролетариаттың таптық мүддесіне бағынады дей оты-

рып, сол себепті көркем әдебиетке пролетариат назары аударылып, пролетарат табы басшылық етуі міндетті дегенді де келтіреді.

Демек, көркем әдебиет майданында түрлі талас-тартыс, жікшілдік т.с.с. мәселелері 1930-шы жылдардың өзінде жиі сөз болуы, – бәрі өз негізінде қазақ фольклортану ғылымының қалыптасуында көп қиындық тудырумен қатар бұл салада да аз да болса, ізденіс жүргені де айғақтайды.

ӘДЕБИЕТ

1. Еңбекші қазақ. 1923, №121, 27 август, 2-3 б.

2. Сонда, 2 б. (Ескерту: газет беттеріндегі мақалалардың дені араб әріпіне негізделіп жазылған – Н.Ж.)

3. Еңбекші қазақ. 1930, №9, 12 январь, 3 б.

4. Сонда.

5. Еңбекші қазақ. 1930, №14, 17 январь, 4 б.

6. Сонда, 4 б.

7. Сонда, 4 б.

8. Еңбекші қазақ. 1930, №20, 26 январь, 3 б.

9. Еңбекші қазақ. 1930, №25, 31 январь, 4 б.

10. Сонда. 4 б.

11. Еңбекші қазақ. 1930, №39, 17 февраль, 3 б.

12. Сонда, 3 б.

13. Еңбекші қазақ. 1930, №46, 25 февраль, 2-3 б.

14. Еңбекші қазақ. 1930, №41, 19 февраль, 2-3 б.